

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 18 маусымдағы
№ ДС-221

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарындағы құрғақшылықтың салдарын шешуге қатысты жоғарыда көрсетілген сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

Жергілікті деңгейде төтенше жағдайды жариялауға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсетуге қатысты

Ағымдағы жылы қолайсыз ауа райы, әсіресе елдің оңтүстік-батыс бөлігінде болған құрғақшылық салдарынан алдағы қыстауға мал азығымен қамтамасыз ету бойынша қиын жағдай байқалады.

Әсіресе Маңғыстау облысында және Қызылорда облысының Арал ауданында жағдай қиындап тұр.

Төтенше жағдай режимін жариялау туралы шешімді зілзала ауқымына қарай жергілікті атқарушы органдар заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Үкіметтің шешімімен енгізуі мүмкін.

Бүгінгі күні Қызылорда облысы Арал ауданында қалыптасқан жағдайды ескере отырып, жергілікті атқарушы орган жергілікті масштабтағы төтенше жағдайды жариялады.

Қуаңшылыққа байланысты мәселелерді шешу және зардап шеккендерге қаржылай қолдау көрсету мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізілуде.

Мысалы, Үкімет резервінен ауыл шаруашылығы жануарлары үшін жемшөп сатып алуға жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге 1,9 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінді (*Маңғыстау облысының тұрғындары мен фермерлік шаруашылықтарға азық сатып алу шығындарын өтеуге қаражат төлеу басталды*).

Бұдан басқа, «Каспий» ӘКК» АҚ «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ-дан 54 млн. теңге сомасына 637 тонна арпа сатып алды және

арзандатылған бағамен жеке қосалқы шаруашылықтар мен фермерлік шаруашылықтарға сатылды.

Жалпы, басқа өңірлерден мал азығын сатып алуға және жеткізуге жергілікті бюджеттен 204 млн. теңге бөлінді.

Бүгінгі таңда жақын облыстардан мал азығын тасымалдауға 0,1% кредит қаражатын алатын операторлар анықталды. Азық бекітілген бағамен сатылады.

Қызылорда облысы Арал ауданына азық дайындау облыстың басқа аудандары және Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы есебінен қамтамасыз етіледі.

Көлік шығындарын жабу үшін облыс әкімінің резервінен 250 млн. теңге бөлу көзделіп отыр.

Қызылорда облысында азық дайындау жоспарына сәйкес ағымдағы жылы өз өндірісі есебінен 220 мың тонна жоңышқа, 172,5 мың тонна күріш сабаны мен 8 мың тонна сүрлем дайындау жоспарлануда.

Облыста жемшөп дайындау және азықпен қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру бойынша облыстық және аудандық штабтар құрылды, жемшөп дайындаудың облыстық жоспары бекітілді.

Барлық аудандарда және құрғақшылықтан зардап шеккен ауылдық округтерде азық дайындау үшін арнайы дайындау бригадалары құрылды.

Бұл жұмысқа еріктілер, «Жасыл Ел» студенттік отрядтарының қатысушылары, жұмыссыздар қатарынан жастар корпусы белсенді түрде тартылуда. Бүгінгі таңда 114 бригада құрылып, 1000-нан астам адам мен 170 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы қатысуда.

Бұдан басқа, жемшөппен қамтамасыз ету үшін облыс шаруашылықтары «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қорынан 490 тонна көлемінде арпа жеткізуге шарт жасасты, оның 125 тоннасы бүгінгі күні облысқа жеткізілді, қалған бөлігін жақын күндері жөнелту күтілуде.

Жағын арада Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы жануарлары үшін жемшөп сатып алуға жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге Үкімет резервінен 1,7 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлу мәселесі қарастырылады (*тиісті бюджеттік өтінім ауыл шаруашылығы және қаржы министрліктерінің қарауында*).

Көріші облыстардан зардап шеккен өңірлерге жем-шөпті тасымалдау кезінде шығындарды арзандату бойынша шаралар қабылдауға қатысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы шешімінің негізінде 2021 жылғы 17 қаңтардағы № 113 бұйрық шығарылды. Аталған бұйрыққа сәйкес әмбебап өз вагондарында «Престелген шөп» жүгін республикаішілік қатынаста тасымалдауды жүзеге асыру кезінде локомотивпен тарту қызметтеріне, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтеріне, «Қазтеміртранс» АҚ вагондарына арналған операция жасау мөлшерлемесіне, 2021 жылғы 17 шілдеден бастап 2021 жылғы 1 тамызға дейінгі жүктерді тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдарға **99% жеңілдік қолданылады** және **0,01 коэффициентін** пайдалана отырып есептеледі.

Магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне арналған тарифтер ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2020 жылғы 20 қарашадағы №70-ОД бұйрығымен белгіленген есептеу тәртібіне сәйкес **жеңілдікті**

пайдаланбай толық көлемде есептеледі (МТЖ тасымалдауға арналған тариф вагонына 96 000, 87 000, 79 443 теңге деңгейінде сақталады).

Әмбебап өз вагондарында «престелген шөп» жүгін тасымалдау тарифіне жеңілдік қолданған кезде:

- *Сарыағаш станциясынан Бейнеу станциясына дейін – вагонына 82 190 теңге (жеңілдіксіз вагонына 354 117 теңге, айырмашылық – вагонына 271 927 теңге);*

- *Көкшетау станциясынан Қызылорда станциясына дейін – вагонына 99 354 теңге (жеңілдіксіз вагонына 427 044 теңге, айырмашылық – вагонына 327 690 теңге);*

- *Қостанай станциясынан Маңғыстау станциясына дейін – вагонына 90 380 теңге (жеңілдіксіз вагонына 389 965 теңге, айырмашылық – вагонына 299 585 теңге).*

Сондай-ақ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрама азық, жүгері, арпа, кебек жүктеріне тасымалдауға, локомотивпен тарту қызметтеріне тарифтерді, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтеріне, «Қазтеміртранс» АҚ вагондарына арналған операция жасау мөлшерлемесіне, жүктерді тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдарды азайту мүмкіндігін қарастыруға дайын.

Басқа облыстардан мал жаю және жем дайындау үшін жер учаскелерін уақытша пайдалануға беру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға қатысты

Қазіргі уақытта өңірлерде шөп шабу үшін пайдаланылмайтын және жайылмалы шалғындарды бөлу және орман шаруашылығы мен резерваттар аумағында шөп дайындау үшін мүмкіндіктер беру, сондай-ақ ауыл тұрғындарына сабан жинау үшін егіс жинау жұмыстарынан кейін фермерлердің алқаптарын беру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығы жануарларын азықпен қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдіктері арасында тиісті келісімдер жасалуда.

Мысалы, Маңғыстау облысының әкімдігі Ақтөбе облысының әкімдігімен Маңғыстау облысының фермерлеріне уақытша шөп шабу алқаптарын бөлу туралы меморандум жасасты.

Ақтөбе облысының Байғанин, Алға, Темір және Қобда аудандарынан 100 мың гектардан астам жайылымдық алқаптар Маңғыстау облысының малшыларына шөп шабу және жемшөп дайындау үшін уақытша бөлінді.

Атырау облысы мен Батыс Қазақстан облысының әкімдіктері арасында Батыс Қазақстан облысының орман қоры жерлерінен 15 мың га алаңда Атырау облысының фермерлік шаруашылықтарына шабындық жерлер беру туралы меморандумға қол қойылды.

Түркістан облысының әкімдігімен жем-шөп дайындауды өз өндірісі есебінен жүзеге асыру туралы шешім қабылданды.

Шөп шабу үшін берілген табиғи резерваттар жерінің жалпы ауданы 252 мың гектардан асады.

Ауыл тұрғындарына жедел көмек көрсетудің кешенді тетігін әзірлеуге, мал басын сақтандыруға және өңірлердің өңіраралық байланыстарын жүйелеуге қатысты

Азықпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуді үйлестіру және жедел ден қою үшін Министрлік жанынан Республикалық жедел штаб (бұдан әрі – Штаб) құрылды.

Штаб құрамына облыс әкімдерінің ауыл шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарлары, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылары, сондай-ақ аудан әкімдерінің орынбасарлары кіреді.

Сондай-ақ, облыстарда фермерлік шаруашылықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтарды азықпен қамтамасыз ету бойынша өңірлік штабтар құрылды.

Барлық облыстарда 2022 жылдың мамыр айына дейінгі шараларды қарастыратын жемшөп дайындау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қазіргі уақытта өңірлердің азық дайындау науқаны осы бекітілген жоспарларға сәйкес жүргізілуде.

2020 жылдан бастап барлық сақтандыру жағдайлары бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын ерікті сақтандыру бағдарламасы жұмыс істейді.

Мемлекет сақтандыру сыйлықақыларының сомасын өтейді, ол 50%-ға дейін құрайды.

Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау тәртібі «Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы №172 бұйрығымен реттеледі.

Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялаудың негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қарыз және саудалық қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешенде субсидиялауға жататын сақтандыру өнімдерін әзірлеу және бекіту тәртібі Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №170 бұйрығымен айқындалған.

Сондай-ақ, оператор болып «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ белгіленді, оған жүйенің барлық рәсімдік жақтары бекітіліп берілді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары шеңберінде аудандар мен облыстар арасындағы өңіраралық өзара іс-қимыл шеңберінде жайылымдар мен шабындық жерлерді беру жөніндегі шаралар көзделген.

Жалпы алдағы қыстауға ауыл шаруашылығы жануарларын азықпен қамтамасыз ету және азық дайындау мәселелері Министрлік мен облыс әкімдіктерінің тұрақты бақылауында болатынын атап өтеміз.

Р. Скляр